

Ленин

түзі

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 47 (7007)

Бейсенбі 8 Март 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жеке саны 29 тыйын

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

2-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы РОКОССОВСКИЙГЕ
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник БОГОЛЮБОВҚА

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері жауды екі апта бойына қоршауда ұстап, табан тірескен ұрыстар жүргізуден кейін, дұшпанның қоршауға алынған әскер тобын талқандауды аяқтады, сөйтіп бүгін, 6 мартта, немістердің ВИСЛА өзенінің төменгі шеніндегі қорғанатын қуатты торабы—ГРУДЗЯНДЗ (ГРАУДЕНЦ) қаласы мен қамалын алды.

ГРУДЗЯНДЗДА болған ұрыстардың барысында майдан әскерлері немістердің 5 мыңнан аса солдатты мен офицерін және қамалдың коменданты генерал-майор Фринкені оның штабымен қоса қолға түсірді, сол сыяқты жаудан көптеген қару-жарақ пен соғыс мүлкін қолға түсірді.

ГРУДЗЯНДЗ қаласы мен қамалын алу ұрыстарында генерал-полковник ФЕДЮНИНСКИЙДІҢ, генерал-лейтенант КОКОРЕВТІҢ, генерал-майор ХАБАРОВТІҢ, генерал-майор РАХИМОВТІҢ, генерал-майор ЯКУШЕВТІҢ, полковник СОННИКОВТІҢ, полковник ГАЙФУТДИНОВТІҢ әскерлері; артиллерия генерал-майоры НАЗАКОВТІҢ, артиллерия генерал-майоры РОГОЗИННІҢ, артиллерия генерал-майоры ПЯЛУСОВТІҢ, полковник БОНДАРЕВТІҢ, полковник ТУРОВЕРОВТІҢ, полковник СОЛОВЬЕВТІҢ, подполковник БЕСПАЛОВТІҢ, подполковник БОНДАРЕНКОНЫҢ, полковник ГНИДИННІҢ, полковник ДЕГТЯРЕНКОНЫҢ артиллерияшылары; полковник МИРОНОВИЧТІҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры КИСЕЛЕВТІҢ, полковник ИГОНИННІҢ, подполковник ПАРШЕВТІҢ, майор ЖАБИННІҢ танкшілері; авиация генерал-лейтенанты ОСИПЕНКОНЫҢ, авиация генерал-майоры ГЕТЬМАННЫҢ, полковник ТИХОМИРОВТІҢ, полковник КАЛУГИННІҢ, полковник СМОЛОВИЧТІҢ, полковник ВУССТЫҢ, полковник ДОДОНОВТІҢ, полковник ПОКАЕВОЙДЫҢ, полковник БОЛДОВТІҢ, подполковник ВЕРШАНСКИЙДЫҢ, ұшқыштары; подполковник АЛЕКСАНДРОВТІҢ, полковник ВИЗІРОВТІҢ, полковник ШИТИКОВТІҢ, майор АБРАМОВИЧТІҢ, майор БАЛАСОВТІҢ, майор МАНАХОВТІҢ, майор ЩУКЛИННІҢ, подполковник СИТКОВТІҢ саперлері; полковник БАХИЛИННІҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ГРУДЗЯНДЗ қаласы мен қамалын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер «ГРУДЗЯНДЗ» атағын беруге және ордендермен наградауға ұсынылсын.

Бүгін, 6 мартта, 21 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, ГРУДЗЯНДЗ қаласы мен қамалын алған 2-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ГРУДЗЯНДЗДЫ азат ету ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан бауырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 6 март.

№ 291.

ОБЛЫСТЫҚ VII ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

6 марттағы кешкі мәжіліс

Кешкі мәжілісте жарыс сөзін жалғасы болды. Баяндама бойынша жарыс сөзде ҚК(б)П Ленин аудандық комитетінің секретарі Қалин, облыстық прокурор Иванна, облыстық жер бөлімінің меңгерушісі Штифанов, Преснов ауданындағы «1

Май» колхозының председателі Кухаренко, ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің секретарі Суриков жолдастар сөз сөйледі.

Осымен кешкі мәжіліс аяқталды.

7 марттағы таңертеңгі мәжіліс

Мәжіліс таңертеңгі сағат 10-да басталды. Конференция мәжілісін басқарушы Мүсәфин жолдас, баяндама бойынша партия акылау комиссиясының Солтүстік Қазақстан облысындағы өкілінің орынбасары уәненц жолдасқа сөз берді.

Бұдан кейін жарыс сөзде ҚК(б)П Преснов аудандық комитетінің секретарі Васин, ҚК(б)П облыстық комитетінің әйелдер ара жолдағы жұмыс жөніндегі бөлімінің меңгерушісі Шульгина, Петропавл қаласындағы «Өнеркәсіп аудандық партия комитетінің секретарі Соколов, ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретарі Попов, ҚК(б)П олаудың аудандық комитетінің секретарі Ворников, облыстық жер бөлімі бастығын облысбасары Емельяненко, ҚК(б)П

Приемші аудандық комитетінің секретарі Плевако, облыстық қаржы бөлімінің меңгерушісі Петров, Соколов ауданының Буденный атындағы колхозының председателі Сорокин, облыстық совет атқомінің председателі Мүстафин, ҚК(б)П Мамлют аудандық комитетінің секретарі Козик, Ішкі Істер Халық Комиссариатының облыстық басқармасының бастығы Исаков, облыстық совет атқомі председателінің орынбасары Скворцов, ҚК(б)П обкомінің үгіт-нәсихат жөніндегі секретарі Пильгук, электр станциясының директоры Болатов жолдастар сөз сөйледі.

Осымен таңертеңгі мәжіліс аяқталып, кешкі сағат 8-ге дейін үзіліс жарияланды.

Жоғарғы Бас қолбасшының Бұйрығы

1-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы ЖУКОВҚА
Майдан штабының бастығы
Генерал-полковник МАЛИНИНГЕ

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуылды ойдағыдай дамыта отырып, бүгін, 6 мартта, қатынас жолдарының маңызды тораптары және немістердің Батыс Помераниядағы қорғанатын күшті тіректі бекіністері—БЕЛҒАРД, ТРЕПТОВ, ГРАЙФЕНБЕРГ, КАММИН, ГЮЛЬЦОВ, ПЛАТЕ қалаларын алды.

Аталған қалаларды алу ұрыстарында генерал-лейтенант СИМОНЯКТИҢ, генерал-майор БУКШТЫНОВИЧТИҢ, генерал-майор ПЕРЕВЕРТНИННИҢ, генерал-лейтенант НАЗАНКИНИНІҢ, генерал-майор ШАТИЛОВТИҢ, генерал-майор КОЗИННИНІҢ, генерал-майор СМЕРНОВТИҢ, генерал-майор ШАФАРЕНКОНЫҢ, полковник НЕГОДАННИҢ әскерлері; генерал-лейтенант КОНСТАНТИНОВТИҢ, генерал-майор КОБЛОВТИҢ, генерал-майор ЧАЛЕНКОНЫҢ, генерал-майор БЕЛОВТИҢ атты әскерлері; танк әскерлерінің генерал-полковнигі БОГДАНОВТИҢ, танк әскерлерінің генерал-полковнигі КАТУКОВТИҢ, генерал-лейтенант РАДЗИЕВСКИЙДИҢ, танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ШАЛИННИҢ, генерал-майор ДРЕМОВТИҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры ВЕДЕНЕЕВТИҢ, танк әскерлерінің генерал-майоры ТЕЛЯКОВТИҢ, полковник БАБАДЖАНИННИҢ, полковник ТЕМНИКТИҢ, полковник АНФИМОВТИҢ, полковник СМЕРНОВТИҢ, полковник КОПЫЛОВТИҢ, полковник ЧЕРЯПКИНИНІҢ, полковник ПОТАПОВТИҢ, полковник ШАМАРДИННИҢ, полковник АБРАМОВТИҢ, подполковник МАКАРОВТИҢ, полковник ПАВЛУШКОНЫҢ, полковник ОХМАННИҢ танкшілері; артиллерия генерал-майоры ФРОЛОВТИҢ, артиллерия генерал-майоры МОРОЗОВТИҢ, полковник ШУБИННИҢ, артиллерия генерал-майоры ПЫЛИННИҢ, полковник ИВАНОВТИҢ, майор БЕКЕСОВТИҢ, подполковник ГОРОБЕЦТИҢ, полковник ОСТРЕЙКОВНИҢ артиллерияшылары; авиация генерал-лейтенанты САВИЦКИЙДИҢ, авиация генерал-майоры ТАТАНАШВИЛИДИҢ, подполковник НАКОНЕЧНИКОВТИҢ, полковник БЕЛОУСОВТИҢ, полковник ИСАЕВТИҢ, полковник ОРЛОВТИҢ ұшқыштары; полковник БЕЛЬСКИЙДИҢ, полковник ХАРЧЕВИННИҢ, полковник ЗАХАРОВТИҢ, полковник ВАНДЫШЕВТИҢ, полковник ПИВОВАРОВТИҢ саперлері; полковник СМОЛИЙДИҢ, подполковник ЗАХАРОВТИҢ, байланыс әскерлерінің генерал-майоры АКИМОВТИҢ, полковник БЕЛЕНКОНЫҢ, полковник БОНДАРЕВТИҢ байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, БЕЛҒАРД, ТРЕПТОВ, ГРАЙФЕНБЕРГ, КАММИН, ГЮЛЬЦОВ, ПЛАТЕ қалаларын алу ұрыстарында өте-мөте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградауға ұсынылсын.

Бүгін, 6 мартта, 22 сағатта, Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, аталған қалаларды алған 1-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

Померанияның аталған қалаларын алу ұрыстарына қатысқан Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан бауырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 6 март.

№ 292.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ-- 8 МАРТ ТУРАЛЫ

БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысы

Халықаралық әйелдер күні—8 мартты Советтер Одағының әйелдері бығылғы жылы Қызыл Армияның жаңа ұлы жеңістері жағдайында өткізеді. Совет әскерлері неміс құлданушыларды жерімізден қуып шығарып, қазір жауды Германия жерінде талқандауда.

Совет әйелдері өздерінің жаңғырлық еңбегімен неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресте Қызыл Армияның тарихи жеңістерге жетуіне көмектесуде. Отанымыздың даңқты қыздары—жұмысшы әйелдер мен колхозшы әйелдер, инженерлер мен техниктер, агрономдар мен зоотехниктер, ғылым және көркем өнер қызметкерлері, дәрігерлер мен оқытушы әйелдер, совет мекемелерінің қызметкер әйелдері ұлы Отан соғысы күндерінде өздерінің барлық күші мен білімін жауды жеңіп шығу ісіне жұмсауда. Совет әйелдері өндірісте өздерінің ерлерінің, әкелерінің, ұлдары мен аға-інілерінің орнын басып, бұрын ерлер мамандығы деп есептелген мамандықтарды меңгеруге өздерінің өзін және бейім екендігін іс жүзінде көрсетті, сөйтіп фабрикалар мен заводтарда, колхоздар мен совхоздарда еңбектің негізгі салмағын көтеріп келеді.

Советтің жұмысшы әйелдері—біздің социалистік өнер кәсібімізде ұлы күш болып саналады. Әйелдер мен қыздар соғыс заводтарында, электр станцияларында, мұнай промыселдерінде, темір жол және өзен транспортында еңбекте ерлік және қаһармандық көрсетіп, Қызыл Ар-

мияның қару-жарақ және оқ-дәрімен өсе-лен мол жабдықтауда.

Колхозшы әйелдер ауыл шаруашылығында негізгі күш болып саналады. Соғыстың барлық кезінде Қызыл Армия тамақ продуктылары жағынан тапшылық көрмей отыр, бұл істе еліміздің колхозшы әйелдері орасан зор еңбек сіңірді. Сан миллиондаған колхозшы әйелдер өздерінің қаһармандық еңбегімен еліміз бен тылды азық-түлікпен, ал өнеркәсіпті—шикізатпен жабдықтау ісіне көмектесуде.

Жаудан азат етілген аудандардың әйелдері өздерін азат етуші Қызыл Армияға көмекті күн санап күшейтуде, неміс басқыншылар қыйратқан қалалар мен селоларды, шаруашылық пен мәдениет мекемелерін қалпына келтіру жолында үздіксіз еңбек істеуде.

Советтің ана әйелдері Сталинградтан Берлинге таяу маңға дейін жауынгерлік тарихи кезеңнен өткен айыбды жауынгерлерді тәрбиелеп өсірді. Совет мемлекеті өздерінің ұлдарын батыр және ержүрек жауынгер етіп тәрбиелеген ана әйелдердің даңқын көтереді. «Батыр ана», «Ана даңқы» ордендері мен «Ана медалінің» шығарылуы ССРОда аналардың хұрметті даңқын неғұрлым арттыра түсті. Ана әйелдер жас жеткіншектерді Отанымызға берілгендік рухында және білім мен еңбекке сүйіспеншілік рухында тәрбиелеп келеді.

(Жалғасы 2-бетте).

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ-- 8 МАРТ ТУРАЛЫ

БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысы

(Басы 1-бетте).

Оп мыңдаған әйелдер соғыс кезінде өздерінің ата-аналарынан айырылып жетім қалған балаларды тәрбиесіне алып, оларды аналық мейірімділікке бөледі. Совет әйелдері Қызыл Армияның жарақаттанған және сауығып келе жатқан жауынгерлерін мәнмен күту ісінде баға жетпес көмек көрсетуде. Сән мыңдаған донор әйелдер майданшыларды ажалдан құтқару үшін өздерінің қанын беруде.

Совет әйелдері өздерінің Отан алдындағы борышын абыроймен өтеуде, совет мемлекетінің соғыс және экономикалық күш қуатын арттыру ісіне көмектесуде. Олар туған жерімізді неміс-фашист басқыншылардан қорғаған өздерінің әкелері мен ұлдарының ерлері мен аға-інілерінің ерлік істеріне ылайық ерлік істеді.

Отан соғысы майдандарында көптеген совет әйелдері қолдарына қару алып, жауға қарсы ерлікпен шайқасуда. Байланысшылардың, мергендердің, зенитшілер мен ұшқыштардың арасында соғыс ісіне шебер әйелдер аз емес. Санитар, дәрігерлік қызметкер әйелдер, дәрігерлер жараланған жауынгерлер мен офицерлерді ажалдан сақтап қалуда. Мыңдаған майданшы әйелдер ордендер және медальдармен нағардталды. Олардың ішінде таңдаулылары Советтер Одағының Батыры деген атақ алды.

Совет әйелдерінің еңбектегі және соғысқағы ерлік істері, олардың табандылығы, жауынгерлік рухы, соғыстың барлық қызылшылықтарын ерлікпен жеңе білуі жалынды совет отаншылдығының, Совет Отанына шексіз берілгендігінің жемісі. Отан соғысында совет әйелдері өздеріне босап, саяси нұсраттың бәрін өнермен, творчестволық еңбек істеуге және бақытты аналық өміріне мүмкіндік берген өзінің туысқан өкметін қорғауда.

Совет әйелдерінің еркін өмірін неміс жауыздар тартып алып, оларды құлақ кесті құлағ айналырғысы келді. Қызыл Армия Советтер Одағының халықтарын неміс фашистердің құлдығынан сақтап қалды. Советтің даңқты отаншыл әйелдері өздерінің ерлерімен, ұлдары және аға-інілерімен қол ұстаса отырып, өзінің социалистік Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғады.

Гитлердің қанішерлік тәртібінің күші санаулы. Алайда жеңіске жету жолында Қызыл Армиямыз бен одақтастарымыздың армияларының әлі де төгеуірінді күш жұмсап, күйрейтін жеріне жетіп отырған жаудың қатты қарсылығын жеңуіне тура келеді. Бүкіл совет халқы сияқты совет әйелдерінен де жаңа қажырлы қайратпен барлық күштерін жұмсау талап етіледі.

БК(б)П Орталық Комитеті барлық партия ұйымдарына халықаралық әйелдер күні—8 мартты Гитлер Германиясын тез және біржолата талқандау үшін Қызыл Армияға көмекті барған сайын күшейте беруді, совет мемлекетінің соғыс және экономикалық қуатын нығайта беруді көздеген көпшілік қатысқан, саяси науқан етіп отыруды міндеттейді. Партия ұйымдары жауды біржолата талқандау үшін бүкіл совет халқымен бірге еліміздің әрбір әйелі мен қызының бұрынғыдан да қажырлы еңбек істеп, майдан үшін қару-жарақ, оқ-дәрі және киім жабды-

ғын, армия мен еліміз үшін азық-түлік, өнеркәсіп үшін шикі зат өндірісін күннен-күнге арттыруға тиіс екендігін барлық еңбекші әйелдерге түсіндіруге тиіс.

Партия, совет, кәсіпшілік және комсомол ұйымдары еңбекші әйелдерге өндіріс мамандығын үйретіп, саяси тәрбие беру жөнінде күнбе-күн қамқорлық жасауға, алдыңғы қатарлы әйелдерді совет, шаруашылық және қоғам ұйымдарында басшылық жұмысқа жоғарылатып отыруға тиіс. Халық шаруашылығында жұмыс істейтін әйелдердің тұрмыс хажетіне үнемі көңіл бөлу ісін күшейтіп, ана әйелдерге үнемі қамқорлық жасау хажет.

Жұмысшы, инженер және техник әйелдер! Қызыл Армияға танкітерді, самолеттерді, зеңбіректерді, минометтерді, пулеметтерді, автоматтарды, оқ-дәріні есепсіз мол беріңдер!

Колхозшы әйелдер, МТСар мен совхоздардың жұмысшы әйелдері, ауыл шаруашылығының мамандары! Қажырлы еңбек істеп соғыс-шаруашылық аса маңызды міндет—1945 жылғы ауыл шаруашылық жұмыстары жоспарының ойдағыдай орындалуын қамтамасыз етіңдер! Майдан мен елімізге азық-түлікті, өнеркәсіпке шикізатты көп беріңдер!

Теміржолшы әйелдер! Транспортта жұмысты жанамай мүлтіксіз атқарып, Қызыл Армияның жауды құртуына көмектесіңдер!

Ғылым мен мәдениет қызметкері әйелдер, инженер, агроном және дәрігер әйелдер, совет мекемелерінің қызметкер әйелдері! Совет ғылымын, техникасын мен мәдениетін алға бастыра беріңдер!

Халық ағарту орындарының қызметкер әйелдері! Барлық күштеріңді, білімің мен тәжірибелеріңді халық ағарту ісіне жұмсаңдар!

Зенитші, мерген, ұшқыш, байланысшы әйелдер! Жауынгерлік шеберліктеріңді қажырлы қайратпен арттыра беріңдер, неміс жауыздарды рақымсыз қырыңдар!

Дәрігер, фельдшер, дәрігер сестра, санитар әйелдер! Жараланған совет жауынгерлерін ажалдан құтқарып, қайталан қатарға қою үшін жанамай күресіңдер!

Совет әйелдері мен қыздары! Өндіріс мамандығын жете меңгеріңдер, еңбекші әйелдеріңді арттыра беріңдер! Соғыс ісін меңгеріңдер! Барлық күштеріңді жауынгерлік қайратпен арттыра беріңдер! Осымен бірге халық шаруашылығын барған сайын өркендету жолына жұмсаңдар!

Неміс империализміне қарсы күресуші бостандық сүйгіш халықтардың әйелдері осымен! Біріккен ұлттардың барлық күші мен жауынгерлік қуаты Гитлер Германиясын біржолата талқандауға жұмсалсын! Бүкіл дүние жүзі халықтарының арасында бауырлас бейбітшілік орнауын қамтамасыз етіңдер!

Бүкіл Одақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитеті Советтер Одағының барлық еңбекші әйелдерін Халықаралық әйелдер күні—8 мартта құттықтан совет әйелдері тылда және майданда жаңа ерлік істер істеумен жауды толық жеңіп шығуымыздың сағатын жақындата түседі деп берік сенім білдіреді.

БҮКІЛ ОДАҚТЫҚ КОММУНИСТ (большевиктер) ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ.

ЗОР ТАБЫСТАРҒА ИЕ БОЛДЫ

Петропавл нан комбинатының жұмысшылар коллективі февраль айының өндірістік жоспарын орындауда зор табыстарға ие болды.

Попова жолдастың бригадасының мүшелері даңқты мереке қарсаңындағы социалистік жарыста февраль айының өнді-

рістік жоспарын 130 процент орындауға міндеттенген болатын. Олар бұл міндеттені орындау үшін жұмыс уақытымен санаспай еңбек істеп, февраль айының жұмыс тапсырмасын біржарым есе артығымен орындап, комбинатта бірінші орынға ие болды.

Е. МАЛАЕВ.

Совет Хабаршы бюросынан

6 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері жауды екі апта бойыма қоршауда ұстап, табан тірескен ұрыстар жүргізуден кейін дұшпанның қоршауға алынған әскер тобын талқандауды аяқтады, сөйтіп 6 мартта немістердің ВИСЛА өзенінің төменгі шеніндегі қорғанатын қуатты торабы—ГРУДЗЯНДЗ (ГРАУДЕНЦ) қаласы мен қамалын алды.

ГРУДЗЯНДЗДА болған ұрыстардың барысында майдан әскерлері немістердің 5 мыңнан аса солдатты мен офицерін және қамалдың коменданты генерал-майор Фрик пен оның штабымен қоса қолға түсірді, сол сияқты жаудан көптеген қару-жарақ пен соғыс мүлкін қолға түсірді.

Мұнымен қатар, ДАНЦИГТІҢ оңтүстік-батыс және батыс жағында майдан әскерлері шабуыл ұрыстары нәтижесінде ТРЕТЕНЬ, МАЛЬХОВ қалаларын және 60тан аса басқа елді жерлерді, оның ішінде АЛЫТ КИШАУ, ВИЛЛЕ, ЛЮБОН, ГРОСС ТУХЕН, ФРИДРИХСХУЛЬД, ФАРИН, СЕГЕТКИН, АБТСХАГЕН, АЛЫТ-ШТАЙ-НОРТ, ЛАЗЕ, ГРОССМЕЛЛЕН үлкен қыстақтарын алды.

КЕЗЛИН қаласының оңтүстік-батыс жағында 2-БЕЛОРУС майданының әскерлері дұшпанның қоршауға алынған әскер тобын жойып жіберді, сөйтіп Кезлин округінің қолбасшысы генерал-лейтенант фон-Циловты оның штабымен қоса және немістердің 1000нан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуылды ойдағыдай дамыта отырып, 6 мартта, қатынас жолдарының маңызды тораптары және немістердің Батыс Помераниядағы қорғанатын қуатты тіректі бекіністері—БЕЛЬГАРД, ТРЕПТОВ, ГРАЙФЕН-БЕРГ, КАММИН, ГЮЛЬЦОВ, ПЛАТЕ қалаларын алды, сол сияқты 500ден аса басқа елді жерлерді, оның ішінде ГРОССЕСТЕН, ГАРРИН, ТЕССИН, ПРИБЕРНОВ, КАТРИН, ХОЕНШЕНАУ, ЛЕНЦ, МОРИЦФЕЛЬДЕ үлкен қыстақтарын ұрыспен алды. ШИФЕЛЬБАЙН қаласының оңтүстік жағында майдан әскерлері дұшпанның едәуір әскер тобын қоршауға алып, оны жою жөнінде ойдағыдай ұрыстар жүргізді. 4 және 5 мартта майдан әскерлері немістердің 2500ден аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Венгрияда, БАЛАТОН көлінің солтүстік-шығыс және оңтүстік жағында әскерлеріміз дұшпанның жалау әскерлері мен танкітерінің ірі күштерінің атакаларын тойтарып да болды.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды және барлау жүргізілді.

5 мартта барлық майдандарда немістердің 33 танкі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 57 самолеті атып түсірілді, мұнымен қатар, ШТАРГАРД қаласы ауданында аэродромдарда жаудың 43 самолеты жойылды.

АВИАЦИЯМЫЗДЫҢ ШТЕТТИН ЖӘНЕ КЕНИГСБЕРГ ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ СОҒЫС ОРЫНДАРЫНА ШАБУЫЛЫ

6 мартқа қараған түнде ауыр бомбашыларымыз немістердің Штеттин және Кенигсберг қалаларындағы соғыс орындарына соққы берді.

Бомбалау нәтижесінде Штеттинде көптеген өрт шығып, взрывтар болды. Әср-

се бұйым станциясы маңында күшті взрывтар болды.

Кенигсбергте бомбалардың дәл тиімен оқ-дәрі склады талқандалды, сол сияқты бірнеше жерде үлкен өрттер шықты.

2-Белорус майданының әскерлері, бүгін Грудзияндз (Грауденц) қаласы мен қамалын алды. Бұдан екі апта бұрын әскерлеріміздің Висла өзені бойымен шабуылды дамыта отырып, немістердің Грудзияндзға гарнизонын қоршауға алғандығы бұдан бұрын жарияланған болатын. Қазіргі заманның екі қабат айнала қоршалып, ұзақ уақытқа арналып жасалған бекіністермен шығарылған ескі қамалдар қаланың іргелеріне қамал болды. Жаудың гап-шайында көптеген жалау әскер және артиллерия бөлімдері, сол сияқты танк бөлімшелері бар еді.

Совет бөлімдері дұшпанды тықсыра қоршауға алып, қала үшін ұрыс басталды. Аса қуатты артиллериямыз бен гвардиялық алғашқы күндерінен бастап-ақ оның минометтеріміз дұшпанның бекіністерін зенит зеңбіректерінің үні өшірген бомба-қайратымен жіберді. Жауды қоршауда ұстау шартымыз жауға үздіксіз соққы беру болды. Жауға қарсы нәсерлете оқ борату нәтижесінде, немістер атыс бекіністері мен қамалдардан түріп шығарылып, қалаға қуылып тығылды. Кескілескен көше ұрыстарында шабуылды топтарымыз гитлершілерден кварталдан соң кварталды тазарту да болды. Жаудың қоршауға алынған әскерлерінің біраз бөлегі темір жол көпірі ауданында Висланың батыс жақ жағалауына өтіп, ормандарда бой сақтап қалуға тырысты. Жалау әскерлеріміз бен өздігінен жүретін зеңбіректеріміз немістерге шабуыл жасап, оларды өзінге қарай тықсырды да, жойып жіберді. Табан тірескен ұрыстардың барысында әскерлеріміз қаланың оңтүстік бөлегін алып, немістердің ақырғы тайыншы—Грудзияндздың солтүстік бөлегіндегі қамалға, әскери қала мен малалық бекіністерге тік шабуыл басталды. Артиллериямыздың жауға қарсы нәсерлеті оқ жаудыруынан кейін, совет бөлімшелері қамалға басып кірді. Бірнеше сағатқа созылған табан тірескен ұрыс негізгі гарнизонының тағдырын шешті. Басынбалар мен жер үйлерге қуып тығылған гитлершілер біртіндеп қолға беріле бастады. Неміс солдаттары мен офицерлері қатты тастап 200-300 адамнан жеке-жеке топты құрып, бекіністерден шыға бастады. Дұшпанның 5000нан аса солдатты мен офицері, қамалдың коменданты генерал-майор Фриккемен бірге қолға түсірілді.

Данцигтің оңтүстік-батыс жағында 2-Белорус майданының әскерлері ұрыспен алға басуда болды. Орманды жерлерде қыймыл жасаушы совет бөлімдері Преттен және Мальхов қалаларын алды. Сол

сияқты немістер Бютов қаласының оңтүстік-батыс жағында 10 километр жердегі Гросс Тухен қыстағы ірі темір жол станциясынан түріп шығарылды. Дұшпан әлде неше рет қарсы атака жасады, алайда ол орасан көп шығынға ұшырай отырып, кері қуылып тасталды. Бір күні ұрыстарда немістердің 2000нан аса солдаты мен офицері жойылды. Жаудан көптеген олжа және 550 адам қолға түсірілді.

1-Белорус майданының әскерлері Батыс Померанияда ойдағыдай шабуыл жасауда болды. Танкішілеріміз бен жалау әскерлеріміз немістердің қорғанатын күшті тіректі бекінісі—Бельгард қаласын алды. Дұшпанның талқандалған және ормандарда тозындатылған бөлімдері іздестіріліп, оларды бөлімшелеріміз ойдағыдай жоюда. Бельгард ауданында 1300 неміс қырғынға ұшыратылып, 500ден аса гитлершіл қолға түсірілді. Немістердің 14 танкі мен 16 бронетранспортері қыйратылды, жойылды. Екінші бір учаскеде жүрдек құрамаларымыз бен жалау әскерлеріміз дұшпанның қарсылығын жеңіп, батысқа қарай бет алды. Совет бөлімдері 25 километрдей алға басып, Трептов, Грайфенберг, Плате, Гюльцов қалаларын алды. Немістер Каммин қаласының іргелерінде бекінуге тырысты, алайда танк және әскер бөлімдеріміз жауға қауырт соққы беріп, олардың құл-талқанын шығарды. Аз уақытқа ғана созылған кескілескен көше ұрысынан кейін, Каммин қаласы неміс әскерлерінен тазартылды. Дұшпан орасан көп шығынға ұшырауда. Көше кешіккіште Польшаның қаласы алған совет атты әскерлері жаудан 64 паровоз, 1200 вагон, 700 платформалар, 25 танк, өздігінен жүретін 5 «Фердинанд» зеңбірегі, 28 дала зеңбірегі, 8 ірі склад, 2000 ст. жүк тиеген 400 ат-шана, 4000 ірі қара мал және көптеген басқа да олжа қолға түсірді.

Авиациямыз кері шегініп бара жатқан неміс әскерлерінің колонналарына бомба тастап соққы беруле болды. Дұшпанның бірнеше әскери эшелоны талқандалды, жауын көп паровозы мен вагоны өртелді, қыйратылды. Әуе ұрыстарында совет ұшқыштары немістердің 19 самолетін атып түсірді.

Қызылтулы Балтық Флотының самолеттері екі бомбаның дәл тиімен Балтық теңізінде дұшпанның 5000 тонналық транспортын суға батырды.

Флот ұшқыштары әуе ұрыстарында бір күн ішінде немістердің 10 самолетін атып түсірді.

ОБЛЫСТЫҚ VII ПАРТИЯ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ҚК(б)П обкомі мен тексеру комиссиясының есепті баяндамасы бойынша жарыссөз

ИГІЛІКТІ БАСТАМАНЫ ЖАППАЙ ҚОЛДАЙЫҚ

(Суворов МТСның директоры СЛАЖНЕВ жолдастың сөзінен)

Жолдастар!

ССР Одағы Халық Комиссарлары Советі мен ҚК(б)П Орталық Комитеті 1945 жылы бізнен мол өнім алуды қамтамасыз ету ісін партия ұйымдарының соғыс шаруашылық маңызы ерекше зор айбынды міндеті етіп қойды. Үкмет пен партиямыз өзінің қаулысында партия, совет ұйымдары мен жер орындарының егіс алаңының кемуне жол бергендігін атап көрсетті. Орталық Комитеттің бұл ескертуі әсіресе біздің Солтүстік Қазақстан облысына да ортақ. Өйткені облысымыз жылдан жылға артта қалып келеді.

Мұның мәнісі қалай, облыс басшыларының бәрі қабілетсізбе, таңдаулы адамдарымыз жоқ ба? Облысымыздың жағдайы республиканың басқа облыстарына қарағанда өзгеше екені рас. Ол өзгешелік партия және шаруашылық ұйымдарының басшыларынан неғұрлым тиңғылықты жұмыс істеуді талап етеді.

Мен егін шаруашылығын жоспарлау жөнінде айтпақпын. Егіннен мол өнім алу шаралары жоспарланғанда, МТС жұмысына да мұқият қарау керек. Егер МТС өз міндетін орындай алмаса, біз көздеген мақсатқа жете алмаймыз. Тұрасын айтқанда, облыстың машина паркі жұмысты нашар атқарып отыр. Өткен жылы МТС-гардың көпшілігі тракторлармен істелетін жұмыстардың жоспарын орындамады. Бұл трактор жұмысын жоспарлаудың шалағайлық салдарынан болған жағдай.

Мәселен, Суворов МТС жыл сайын оқылдықтан брылған емес. Бұған қарағанда МТС-тың жөйін егжей-тегжейіне дейін білу керек еді. Бірақ бұлай болмай отыр. МТС-ға ақшар бойынша 117 трактор бар. Мұның 81 ғана жұмысқа қосауға болады. Ал, жоспар 117 тракторға беріледі. Бұл жағдайда тапсырманың орындалмауы тай таңба басқандай.

Жоспарлау жұмысы тіпті нашар. Мұны облыстық партия комитеті де, облыстық совет атқару комитеті де жақсы біледі. Алайда тиісті шара қолданылған жоқ.

Ногіндіктердің игілікті бастамасы бойынша, МТС мастерскоялары мен үйлерін жөндеуіміз керек еді. Бірақ біз бұл жөнінде ешкімнен ешқандай көмек ала алмай отырмыз. Құрылыс материалдарынан—шеге, өйнек тағы басқа сол сыяқты заттарды тауып алу кыйынға соғып отыр.

Енді облыстық партия комитеті ауыл шаруашылық бөлімінің жұмысына тоқтайық. Ауыл шаруашылық бөлімі қосалқы бөлшектерді бөлу және жанармай тасу жөніндегі мәселелерді шешумен ғана тынады. Шынында бұл дұрыс емес, бұл біржақтылық. Ауыл шаруашылық бөлімі егіс жерін пайдалану сыяқты мәселеге жете назар аударуы керек. Сол сыяқты ауыл шаруашылығының Сталиндік Уставын жүзеге асыруда да бұл бөлімнің ешқандай басшылығы болмай отыр. МТС-тарға өнеркәсіп орындарының көмегін ұйымдастыру және агротехника шараларын жүзеге асыру жұмыстарынан да бұл бөлім тыс қалып отыр.

Облысымыздың партия ұйымы өзіміз бен майдан алдындағы борыштардың толық орындалуына еңбекшілерді жұмылдыру білуге тиіс. Алдымыздағы көктем егісі әдеттегі егіс емес, бұл жауды біржолата жеңу жолындағы егіс. Облысымыздың партия ұйымы ауыл шаруашылығына басшылық етудегі кемшіліктерді дереу жоюға тиіс. Бұл іске еңбекшілер бұхарасын түгел жұмылдыруымыз керек.

СОВХОЗ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМУА БЕРЕЙІК

(Торанғұл мал совхозының директоры СҚАҚОВ жолдастың сөзінен)

Совхоз жұмысына тоқталғым келеді. Біздің совхоздың коллективі ҚК(б)П Орталық Комитетінің 1944 жылғы 1 апрельдегі қаулысы мен ҚК(б)П Орталық Комитетінің X және XI пленумдарының қарарларын басшылыққа ала отырып, өткен жылы өзінің жұмысын едәуір жақсартты. Совхоз жұмысшыларының қажырлы еңбегі нәтижелі болды. 1944 жылы совхоз егін және мал шаруашылығы жөнінде алға қойылған міндеттерді табыспен орындады. Мәселен, мемлекетке астық тапсыру жоспары 107 процент орындалып, өткен жылдарға қарағанда мемлекетке егін өңімі көп тапсырылды. Мал шаруашылығын өркендету жөніндегі міндеттеме 111,5 процент орындалды.

Қол жеткен табыстарды баянды ете отырып, біздің коллектив Сталин жолдастың Ұлы Октябрінің 27 жылдығы туралы баяндамасына игілікті іспен жауап беруде.

Мал өсірушілер ысық маусымға сақалдай сай әзірлікпен кірісті. Егіске дайындық қарқыны күшейтілуде. Тракторларды жөндеу жұмысы 5 февральда аяқталды. Мемлекеттік комиссия жөндеген тракторларды газогенераторлы тракторлардан басқасын түгел қарап, қабылдады. Өйткені газогенераторлы тракторларға қосалқы бөлшек жеткіліксіз болып отыр. Облыстық совхоздар тресі аса хажетті қосалқы бөлшектерді бұл жөнінде мұқтаж болып отырған совхоздарға беру орнына, қосалқы бөлшегі көп совхоздарға жібереді. Бұл негізсіз. Тұрасын айтқанда бұл мысалдың өзі облыстық совхоздар тресіндегі лердің совхоздардағы істің шын жайын жете білмегендігін ыспаттайды.

Ауыл шаруашылық құрал-саймандар толық жөнделіп болды. Тек тракторға тіркелетін 24 тұқым сенкіштің төртеуі ғана жөндеген жоқ. 983 гектар егіс алаңына қар тоқтату жұмысы аяқталды. Егіс жеріне 861 тонна орнына 653 тонна көң тасылды. Қалғанын таяудағы

күндерде тасып бітіреміз. Қысқы агротехникалық шаралар жүзеге асырылуда.

Облыстық басшы ұйымдардың, әсіресе облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығына басшылық әдісі туралы бірнеше сөз. ҚК(б)П облыстық комитеті колхоздардың, МТС-тар мен совхоздардың жұмыс жайын егжей-тегжейіне дейін білмей, кейбір реттерде жалпылама басшылық етеді. Осының салдарынан басшылық ісі нақтылы, нәтижелі, әсерлі болмай жалаң болып шығады. Бізде әдетте нұсқаулар беріліп, қаулылар алынып жатады. Бірақ, бұлардың орындалуы іс жүзінде тексерілмейді. Сондықтан берілген нұсқау да, қабылданған қаулы да сол күйінде қалып қояды. Шынында қабылданған қаулының жұмыстың табыспен жүргізілуіне әсері болуы керек ғой. Алайда қаулыда белгіленген істің орындалуын ұйымдастырмағандықтан оның нәтижесі де шамалы болады.

Кадрларға шын мәнінде тәрбие беріп, оларды жұмысқа дұрыс орналастыру, іскерлік қабілетін арттыру—келелі міндеттің бірі. Дегенмен облыстық комитеттің кадр бөлімі, оның кадр жөніндегі секретарі Рощинкин жолдас бұл сыяқты негізгі іске жете назар аудармады, кадрларды тәрбиелеу мәселесімен шын мәнінде шұғылданбады. Мұнымен қатар, әсіресе қазақ кадрларын тәрбиелеп, іске бейімділігін, қабілетін арттыру, қызметке жоғарылауға ісі бізде айтарлықтай емес. Бұған ең алдымен облыстық партия комитетінің кадр бөлімі кінәлі. Қызметкерлердің іскерлік қабілетін олардың күнбе-күнгі іс теген жұмысына қарай бағалау орнына жалпы сарынмен бағалау әдеті де жойылмай келеді.

Қызметкерлерді тәрбиелеп, өсіру жұмысындағы бұл сыяқты елеулі кемшіліктерге тіпті тезуге болмайды. Облыстық партия комитетінің бұл басшылығы мұны қатты ескеруге тиіс.

Көктемгі егісті үлгілі өткіземіз

(Совет ауданының Киров атындағы колхозының председатели МҮСРӘЛИН жолдастың сөзінен)

Баяндамашы өзінің сөзінде облысымыздың ауыл шаруашылығындағы бірталай жетістіктер мен кемшіліктерді атап өтті. Мен өз колхозымда қандай жұмыстардың жүзеге асырылғандығын айтамын. Біздің колхоздың колхозшылары соғыс кезіндегі қиыншылықтарға қарамастан, бірталай игілікті жұмыстар істеді.

Соңғы жылдары колхозымыз үкметіміз бен партиямыздың тапсырған міндеттерін орындауда едәуір табыстарға ие болды. Өткен жылы мемлекетке астық тапсыру жоспарын толық орындады. Қызыл Армия қорына 574 центнер астық тапсырылды.

Егін шаруашылығына қандай көңіл бөлінсе, мал шаруашылығына да сондай көңіл бөлініп отыр. Түлік өсірудің мемлекеттік жоспары малдың барлық түрінен артығымен орындалды. Қазір мал төлдеп жатыр, мал шығыны болған жоқ. Мал азығы жеткілікті. Мұнымен бірге барлық жұмыс малдары күтімге қойылды.

Біз быйыл егіс жұмыстарын өткен жылғыдан ұйымдасқан түрде өткізбекпіз. Колхозшылар егіннен мол өнім алу—егіс жерін таңдап алуға байланысты екенін жете түсініп отыр. Біз тәжірибесі мол дәрттармен

ақылдасып, егіске құнарлы жерлерді таңдап алдық.

Егіске ауыл шаруашылық машиналары мен құрал-саймандарын және егіс тұқынын әзірлеу жұмыстарында да зор табыстарға жеттік. Демек құрал-саймандар толық жөндеді. Тұқым тазаланған, шығымдылық сапаға жеткізілді.

Алайда колхозда еңбек ұйымдастыру ісінде елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Бұл кемшіліктердің болуына біз қандай кінәлі болсақ, оған аудандық және облыстық партия ұйымдары да ортақ. Өйткені облыстық ұйымдар біздің жұмысымызға қолма-қол басшылық етпей келеді. Облыстық кейбір ұйымдар колхоз председателдеріне нақтылы көмек көрсетпейді, жалаң әкімшілікке салынады.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің секретарі Скворцов жолдас Павлодар облысының алдыңғы қатарлыларының мәслихатында сөйлеген сөзінде ол Қазақстанның ауыл шаруашылығын өркендету, қызметкерлерді тәрбиелеу жөніндегі мәселеге ерекше көңіл бөлгендігі бізге мәлім. Олай болса қызметкерлерді тәрбиелеуге, олардың саяси-идеялық дәрежесін және іскерлігін арттыруға күнбе-күн көңіл беру керек.

КӘСІП ОРЫНДАРЫНА БАСШЫЛЫҚ КҮШЕЙТІЛСІН

(ҚК(б)П Орталық Комитетінің Н. заводындағы парторгі ДЕНИСЕНКО жолдастың сөзінен)

Отан соғысы кезінде облыс партия ұйымы көп күрделі жұмыстар істеді. Дегенмен партия-ұйымдастыру жұмысында әлі де елеулі кемшіліктер бар. Баяндамашы Нечаев жолдас облыс партия ұйымының істеген жұмысынан есеп бергенде, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп және мал шаруашылығы жөнінде жеткілікті дәрежеде айтқанымен, облыс партия ұйымының жұмысы, оның алдағы міндеттері туралы мәселеге жеткілікті дәрежеде тоқталмады. Конференцияда сөз сөйлеген бірсыпыра жолдастар бұл негізгі мәселені өте орынды түрде атап көрсетті. Демек барлық істің табысты түрде шешілуі партия-ұйымдастыру жұмысының қандай дәрежеде болуына тікелей байланысты. Бірақ бұл мәселе баяндамада толық ыспатталмады.

Соколов ауданын мысалға алайық. Бұл ауданның шаруашылық және экономикалық күші облыстың басқа аудандарымен тең. Бірақ жұмыста үнемі артта келеді. Бұл негізден деген сұрақ қоюға тура келеді. Шынында ауданның артта қалуы сыры жердің құнарлылығы, ауа райының қолайлығы жөніндегі мәселеден емес. Істің сыры аудан партия ұйымының жұмысты қалай істеуінен деп білеміз. Егер бұл ауданның партия ұйымы шын мәнінде нығайтылып, еңбекшілер бұхарасын қажірлі еңбекке жұмылдыра білген болса, жұмыс нәтижесі өзгеше болып, аудан озаттар қатарынан орын алған болар еді. Бірақ, іс жүзінде бұлай болмай отыр. Партия ұйымдарының ішкі жұмысына жете көңіл бөлінбей келеді.

Отан соғысы жылдарында облыстың өнеркәсібі неғұрлым өсіп, нығайды. Біздің завод өткен жылдарға қарағанда жұмысты ерекше жақсы істеп, өндіріс программасын мүлтіксіз орындады. Айта кету керек, заводтың өнімді жұмыс істеуіне бізде тиісті жағдай жасалмай келеді. Заводтардың барлығы дерлік техникалық жағынан жабдықтауды хажет етеді. Жұмысшыларға тұрмыс жағдайын жасау, оларды тұрақтандыру ісінде қанағаттанғысыз. Бірақ бұл сыяқты түйінді мәселе әлі шешілмей келеді.

Бізде өнеркәсіп орындарына басшылық жасау ісі айтарлықтай емес. Жұмысқа кедергі болатын себептер талдап айқындалмайды. Кейде атүсті басшылық жасалады.

Өздеріңізге белгілі, өнеркәсіп орындарын жанармаймен жабдықтаудың ерекше маңызы бар. Алайда облыстық ұйымдар тарапынан бұл мәселеге тиісінше көңіл бөлінбей отыр. Сондықтан бұл аса маңызды мәселені ойдағыдай шешу керек.

Қазір біздің заводтың жұмысшылары арасында Қазақ ССР-нің 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс мейлінше күлаш жаюда. Завод жұмысшылары, инженер-техник қызметшілері бүкілхалықтық жарысқа жаннай қосылып, еңбек ерлігін көрсетуде. Жас коммунист Марица жолдас жұмыс мөлшерін үнемі 900 процент, стахановшы жұмысшылар Бутякова жолдас—500 процент, Леонова жолдас—өндірістік тапсырманы 400 процент орындап жүр. Сол сыяқты, Ошуркова, Сотникова, Крылов тағы басқа жолдастар да іс үлгісін көрсетуде.

Завод коллективі алған міндеттемелерін аброймен орындап, күн сәулелі Қазақстанның дақты 25 жылдығын өндірістік жаңа зор табыстармен мейрамдайтын болады.

Жер жүзінде өмір қалай пайда болған

Жер жүзінде өмірдің пайда болуы—жаратылыстың ең қиын «жұмбақтарының» және ғылым тарихының ең қызық мәселелерінің бірі. Өсімдіктер мен жануарлар жер жүзінде қай жерінде болса да бар. Судағы, әуедегі, жер бетіндегі және жер астындағы тірі жәндіктердің неше алуан түрінің орасан көптігі адамды таңдандырады. Жай көзге көрінетін жәндіктерден басқа микроскоппен ғана көруге болатын сапсыз микробтар бар. Ол түрлі, ғылым тілті ең күрделі микроскоппен де көруге болмайтын жәндіктер бар екенін анықтады. Біз бұл жәндіктерді олардың өмір сүруінің нәтижесі бойынша ғана білеміз.

Қазіргі уақытта білімпаздар тек жануарлардың ғана 1,5 миллионнан аса түрін сипаттады. Ал жаратылыстағы жануарлардың неше алуан түрі мұнан әлдеқайда көп. Мұның бәрі жер жүзіндегі өмір қайдан және қалай пайда болған? деген сұрақ туады. Адамзаттың ұшқыр ойы тіпті көрі заманның өзінде-ақ осы сырды ашуға тырысқан. Бірақ, ғылым бұл жұмбақты тек соңғы кезде—XIX және XX ғасыр кезінде ғана шеше бастады.

Балықтың, бақаның, тышқанның, шыбынның, көбелектің, қызыл құрттың және басқа жәндіктердің қалай өсіп өсетінін өткен ғасырлардың білімпаздары көп уақытқа дейін біле алмады. Сондықтан, мәселен, көктемгі тасқыннан кейін өзендердің өлі топырағында жылма-жыл өмірдің пайда болуы, жәндіктердің шығуы жұмбақ болып келді. Ол кездегі ғалымдар жансыз жаратылыс тектерінен өздігінен жанды жәндіктер жаралады деп түсінді. Гректердің табиғат зерттеуші ғалымы және философы Аристотель мәселен, жылан терізді жіңішке балықтар (үгр) өзендегі шірпең шөп-шардан, жеміс құрттары шықтың әсерімен баудың топырағынан, жылан мен тышқан ылғал топырақтан жаралады деп шамалады. Жәндіктер өздігінен жаралады деген сенім өте күшті болғандықтан, жанды жүрт немесе ғасыр бойына осы идеяны қолдап келді.

Бергін келе білімпаздар, әсіресе француз ғалымы Луи Пастер қазіргі уақытта жер жүзінде ешбір жәндіктің өздігінен жаралмайтынын, олар туып өсіп, өмір сүретінін ыспаттайды. Жәндіктердің өздігінен жаралуын жақтаушылар мен оларға қарсы білімпаздардың арасындағы талас жүз жылдан артық уақытқа созылды. Бұл қиынның күйреуі нәтижесінде бірсыпыра білімпаздар өмір мәңгі-бақыш осылай болып келген деген қиынға бой ұрды. Бірақ бұл жөзқарас білімпаздардың көпшілігі жаратылыстағы даму жолын әлі білмейтін кезде ғана орынды еді. Астрономия, геология ғылымдары көк әлемі мен біздің планетаның қалай дамығанын, ал Чарльз Дарвиннің «эволюция қиынсы» әр алуан жәндіктердің тарихи даму жолымен пайда болғанын, мүлде қарапайым жәндіктердің бірте-бірте күрделі түр алғанын анықтағаннан кейін, өмірдің қалай пайда болуы туралы мәселе басқаша қойылды. Жер жүзінде өмірдің әуелдегі дүние жаралуынан бері осылай болып келмегені, тек жер шары суып келе қалайы жағдай туғанын кейін ғана өмір пайда болғанын анықтады.

Алғашқы жанды денелер өте қарапайым болған. Бұл денелер бірте-бірте өзгеріп, олардың қазіргі неше алуан жәндіктер пайда болған. Сонымен мәселе сол ең алғашқы заманда жер бетінде осы алғашқы жәндіктердің қандай жағдайда пайда болғандығын анықтауда болып отыр. Жәндіктер біздің жерге аққан жұлдыздармен бірге, күн сәулесімен бірге басқа планеталардан түскен дейтін дәлелге қанағаттануға болмады, өйткені ол өмірдің қалай пайда болуы туралы сұрауға жауап бере алмады, жерден басқа жақтан келген деп түсіндірді.

XIX ғасырдың орта шенінен бастап өмірдің пайда болуы туралы «химиялық» ғылым ұйғарымдар шықты. Бұл ұйғарымдарды жақтаушылар, жансыз жаратылыста қандай заңдардың (физикалық, химиялық, механикалық заңдар) әсері болса, жанды денелерде де осындай заңдар әсер етіп отырады деп танып, биологиядағы витализм деп алатын идеялық ағымға қарсы материалистік көз қарастарды қолдады. Виталистер: жанды материя мен жансыз материя арасында ұшы-құйырыз айырмашылық бар жанды материяда күдіретті «өмір күші» болады, сондықтан жансыз материяның жанды материяға айналуы туралы тіпті сөз болмауы керек деп есептеді. Виталистер «өмір мәңгілік» деген қиынды жақтады. Ол кездегі материалистер мұндай мүлде басқаша қателесті. Олар жансыз жаратылыс пен жанды денелер арасында, материяның сан жағынан өзгеруінен басқа өмірдің айырмашылық жоқ деп білді. Өмір құбылыстарының сапасы жағынан әр алуан болуын олар көрмеді. Мұндай саяз көз қарас жер жүзінде өмірдің пайда болуы туралы мәселені дұрыс шешуге қиыншылық туғызды.

Маркс пен Энгельс шығарған диалектикалық материализм бұл күресті сын көзімен тексеріп, мәселені зерттеудің дұрыс жолын белгілеуге мүмкіншілік берді. Оз заманындағы табиғат тану ғылымын тамаша жақсы білген Фридрих Энгельс өмір мәңгілік деген ұйғарымдардың бәрін ғылымға жанаспайды деп тауып, оған қарсы шықты. Өмірдің пайда болуы туралы мәселені шешу үшін жанды материяның мүшелері—протоплазмаларды анықтап өмір құбылысының негізгі мәнін, айқындау керек болды. Өмір мәнін айқындауға сынға жақ қараған көп ғалымдерге қарсы шығып, Энгельс өмірдің дәлме-дәл ғылыми ұғымын берді.

Энгельс өзінің «Жаратылыс диалектикасы» деген тамаша еңбегінде белокты заттардың төңірегтегі жаратылыспен араласуы өмірдің ең маңызды кезеңі екенін атап көрсетті. Мұндай араласу тоқтағаннан кейін белокты қосындылар ыдырап, протоплазмалар өледі. Қоректену, дем алу, денеге қажетсіз заттарды шығару, өніп көбею—денелігі заттардың араласуының нақтылы белгісі міне осы.

Қазіргі заманда протоплазманың химиялық тектерін зерттеушілер, онан жансыз жаратылыста жоқ ешнәрсе таба алмай жүр. Жансыз жаратылыстағыдай протоплазмада да (жанды материяда) углерод, кислород, водород, азот, күкірт, әртүрлі металл және басқалары бар. Бірақ бұл тектердің бәрі жанды денеді, тек соған ғана тән ерекше түрде химиялық жолдармен қосылады. Бұл қосындылардан белок, май, углерод пайда болады. Бұларды денелік заттар деп атайды. Денелік заттар басқа қосындылармен толық араласып отырады.

Протоплазманың бұл мүшесі бөлшектері өзара бет ады қосылмай, өте-мөте нәзік түрде, өзгерген түрде қосылады. Сондықтан оларды ақыр шегіне дейін зерттеуге, әсіресе қолдан жасауға әлі мүмкіншілік болмай келеді. Алайда, ең алғашқы заманда жер бетінде өмір болмаған кезде, жансыз зат бірте-бірте жанды затқа (протоплазмаға) айналған кезде, оның қандай кезеңдерден өткенін, қалай өзгергенін анықтау жолында ғылым едәуір табыстарға жетті.

Химия ғылымдарының өркендеуі арқасын да XIX ғасырдың бас кезінде білімпаздар денелік заттарды—виталистер күдіретті, «тіршілік күшінің» әсерімен денелік өзінде жаралған деп таныған заттарды—лаборатория жолымен жасауға кірісті. Мәселен, 1828 жылы неміс білімпазы Велер денелік зат-мочевинаны химия жолымен жасап шығарды. Тура-бара химиктер углерод, май жасауды үйренді. 1895 жылы Эмиль Фишер полипептид деген ең қара пайым белокты зат жасады. Біздің заманымызда совет білімпазы академик А. Н. Бах өзінің лабораториясында формалин мен яннисті кали ертіндісінің қоспасынан белокты заттар даярлады. Бұл табыстар енді көп ұзамай ғылым жолымен қолдан «жанды белок» жасауға болады деген ғылымға негізделген сенім туғызды.

Энгельс өз заманындағы химия ғылымының табыстарына сүйене отырып: «Енді жансыз жаратылыстан жанды өмірдің қалай пайда болғанын анықтау ғана қалды. Мұның мәнісі ғылымның қазіргі жеткен сатысында бұл—денелік заттардан денелік белок заттар даярлауға мүмкіншілік бар деган сөз болады» деп жазды. («Жаратылыс диалектикасы»). Қазіргі заман ғылымы бұл жөнінде дұрыс жолда екенін және бірсыпыра табыстарға жеткенін қазір біз көріп отырмыз. Совет өкметі озат ғылымды қай жағынан болса да өркендетуге қолайлы жағдай туғызды. Сондықтан біздің елдің химия ғылымы өмірдің пайда болуын зерттеуде едәуір еңбек сіңірді.

Советтер Одағында профессор А. И. Опарин өмірдің химия жолымен пайда болу теориясын ойдағыдай дамытуда. Оның қорытындылары ең алғашқы қарапайым денелердің жансыз заттардан бірден пайда болмай, сан миллион жылдар бойына даму жолымен пайда болғанын көрсетеді. Планетамыз бірте-бірте суынып, ал оның беті балқыған қалыптан өзгеріп, тас болып қабыршақтана бастаған ескі заманда, ыстықтың орасан күшті болуы және судың жоқтығы еш бір жанды денелік пайда болуына мүмкіншілік бермеген.

Жер бетінде өмір тек алғашқы, жылы сулар шыққаннан кейін ғана болған. Алғашқы кезде алды-алдына болып келген су тегі мен кислород жер беті суына келе химия жолымен біріне бірі әсер етіп, онан судың буы пайда болды. Мұнан кейін ол бу қоюланып, су болып жыйналды. Ой жерлерге су толып, алғашқы ыстық теңіздер пайда болды. Онан көп бұрын жер бетінде денелік заттардың химия жолымен денелі затқа айналуына қолайлы жағдай туды, сөйтіп кейіннен ең қарапайым денелі қосындылар—углеродтар пайда болды. Бұл заттар ол кездегі өуенің қызған су буының, жер бетіне шығып жатқан отты суық селде болатын қарбегтің өз ара бір біріне әсер етуі нәтижесінде туды. Углерод судығы кислородпен онан әрі қосылып өзгере келе, ал бұл екеуі сол кезде пайда болған аммиак деген затпен қосыла келе, басқа бірсыпыра денелі заттар пайда болды. Бұл заттарда углеродтан басқа водород, кислород және азот болды. Бұл денелі заттар еріген түрде алғашқы теңіздердің ыстық суында да болды. Мұның өзі олардың онан әрі химия жолымен дамып белокты қосындыларға айналуына мүмкіншілік туғызды. Ал бұл белокты қосындылар басқа жағдайда жанды денелік (протоплазманың) хасиеттері бар неғұрлым нәзік және күрделі түйір материяға айналды. Әртүрлі тектерден құралған және құрылысы әртүрлі болған бұл түйірлер сан мың жылдар бойына су ішінде құраулымен және ыдыраумен келді. Неғұрлым төзімді және онан әрі өмір сүруге қабілетті алғашқы химиялық жанды тектер табиғий жолмен іріктеле келе ақырында алғашқы денелі жәндіктер пайда болғанға дейін осылайша болып келді. Бұл алғашқы денелі жәндіктер біздің заманымыздағы микробтарға қарағанда анағұрлым қарапайым болды, тек онан кейін ұзақ уақыт дамып келе күрделі түрге айналды.

Сонымен, өмір ең қарапайым денелі заттар түрінде пайда болды. Осы денелі заттардан дамып келе, Дарвиннің дәлелдеп көрсеткеніндей, микробтан адамға дейінгі неше алуан жанды жәндіктер пайда болды. Егер өмір мұндай химиялық жолмен пайда болса ол ауытқа осы жолмен жанды жәндік неге қолдан жасалмай келеді? деген сұрау туы мүмкін. Шынында да, химияшылар ең қарапайым белоктарды жасауды үйренсе де, бұл белоктарда тіршілік ету белгісі байқалмай келеді. Мұның себебі жансыз денелі заттардың жанды затқа—протоплазмаға айналуына керекті жағдайлар жөнінде біздің біліміміздің жеткіліксіздігінде.

Бұл мәселені толық шешу үшін білімпаздардың мұнан былай да қажырлылықпен еңбек етуі керек болады. Ал, білімпаздардың еңбегі тамаша табыстарға жеткізеді: адам жанды заттың сырбын ашып, жер жүзіндегі өмірдің шын қожасы болады.

В. ГЕРАСИМОВ.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 5 март. (ТАСС). Одақтас-тардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиясы штабының хабарында былай делінген: Немістер Везельдегі Рейннен өтетін көпірге қамал болған жаудың қорғану шебіне тірексіз бекіністерінің бірі—Қсантенде (Рейн облысында) өлермендікпен қарсылық көрсетуде. Басқа жерлерде одақтастар әскерлері ойдағыдай алға басуда болды. Вейзе-Гельдери-Венно ауданында қоршауға алынған жаудың әскер тобы жою жөнінде ұрыстар жүргізді. Бұдан әрі шығысқа қарай Канеллен, Иесум және Рейрдат қалалары жаудан тазартылды. Бұл ауданның шығыс және оңтүстік жағында одақтастар әскерлері Марселе, Гомберг пен Юрдингенде ұрыстар жүргізуде. Кельннің солтүстік-шығыс жағында одақтастар әскерлері Штоммель мен Зиннерсдорфты дұшпаннан тазартты.

Сварбрюккеннің оңтүстік-батыс жағында 2 мың жерде одақтастар әскерлері Сварбрюккен—Мец жолын кесіп өтті.

3 мартта одақтастар әскерлері батыс майданда жаудан 9769 адам қолға түсірді.

Югославияның Халық Азаттық армиясы мен Флотын Югославия Армиясы мен Югославияның Соғыс Теңіз Флоты деп атау туралы маршал Титоның бұйрығы

БЕЛГРАД, 3 март. (ТАСС). Югославияның ұлт қорғау істеріне сенімді адам. Югославияның Жоғарғы Бас қолбасшысы Маршал Иосиф Броз-Тито Югославияның Халық-Азаттық армиясын Югославия армиясы деп атау және армияның Жоғарғы Штабын қайта құру туралы бұйрық шығарды.

«Халықтарымыздың азаттық күресінде туып, шыныққан,—делінген бұйрықта,—Халық-Азаттық армиясы Отанымызды азат ету ісін атқара отырып, демократиялық құрамалы Югославияның шын мәнісінде біріккен қарулы күші болып алды. Армиямыз халықтарымыздың достығы мен бірлігінің нығая түсуінің және бұл достықтың келешекте де нығая беруінің толық кепілі болды. Өзінің жетілгендігі және әскери шеберлігі арқасында армиямыз қазіргі заманның байырғы армиясының ролін атқарып отыр.

Міне сондықтан да бұйырамын:
1. Халық-Азаттық армиясы бүгіннен бастап Югославия армиясы деп аталсын.
2. Халық-Азаттық армиясының Соғыс Теңіз Флоты Югославияның Соғыс-Теңіз Флоты деп аталсын.
3. Югославияның Халық-Азаттық армиясы мен партизан отрядтарының Жоғарғы Штабы елдің барлық қарулы күштерінің ұлт қорғау істері жөніндегі сенімді адамның тікелей ұйымы ретінде, Бас штаб болып қайта құрылсын».

Одақтастар авиациясының Германияға шабуылы

ЛОНДОН, 5 март. (ТАСС). Ағылшынның авиация министрілігінің мәлімдемесінде былай делінген: 4 мартқа қараған түнде ағылшынның бомбашы авиациясына қараған самолеттердің аса ірі құрамалары Германияға шабуыл жасады. Самолеттер көбінесе Дортмунд-Эмс каналын және Дермунд маңындағы Камендегі жасанды жанармай заводын бомбалауда болды. Шабуылдың нәтижесі айтарлықтай болды. Мұнымен қатар, Берлинге және қатынас жолдарының маңызды торабы—Вюрцбургке шабуыл жасалды. Бомбашыларға түнгі истребительдер жәрдемдесті.

Германияда ақшаның құны түсуі

СТОКГОЛЬМ, 4 март. (ТАСС). Германияда ақшаның құны түсуінің мейлінше өсіп отырғандығын гитлершілдердің «Гамбургер флемденблат» газеті хабар етті. Соғыстан бұрын ұсталып жүрген қағаз ақшалардың сомары 8 миллиард 710 миллион марка еді. 1944 жылдың ноябрында ол 44.700 миллион маркаға жетті. Соғыстың бірінші жылында 1940 жылғы октябрінің аяқ кезінде ұсталып жүрген қағаз ақшалардың сомасы бұрынғыдан 4 миллиард марка артты; 1943 жылғы октябрінде ол 22 миллион маркадан асып кетті, ал 1944 жылдың октябрінде ол 36 миллиард маркаға жетті.

Жауапты редактор

В. ОСПАНОВ.

УШ 00143.

Бір жорықта

Майданға келгені талай ұрыстарға қатысып, нелер сыннан өттім. Қандай ғана болмасын қиын жағдайда біз сыннан мүдірмей өттік. Жуырда бір жолдасым екеумізге жаудың бір негізгі учаскесінен «тіл» өкелу ісі тапсырылды.

Біз түнде жауынгерлік бұйрықты орындауға аттандық. Дұшпанға сездірмей, оның ту сыртынан өттік. Сөйтіп жол бойында тосқауыл жасадық. Көп ұзамай ақ қаннен қаперсіз, өзара сөйлесіп келе жатқан немістер көріпді. Олар—төртеу. Ал, біз—екеуміз.

—Саны көп деп сөскенбе, қаруы көп

деп тайсалма,—дедім жолдасыма. Оның өткір қара көзі құшырланған айбарлы, жаумен жекпе-жек айдасайық дегенді сездіргендей болды.

Жолдасым екеуміз бөлініп, жолдың екі жақ жиегінен орын алдық. Жау солдаттары мен біздің аразымыз бес метр қалғанда кенеттен оқ атып, олардың екеуін көр құштырдық. Ал қалған екі неміс құты қаша үрейленіп, қолға берілді. Жолымыз болып, екі «тіл» қолға түсіріп, таң ата бөлімшөмізге келдік. Немістерді штабқа тапсырдық.

Қызылөскер С. БАТЫРҒАЛИЕВ.